

№ 8 «Қызғалдақ» бөбекжай- бақшасы

Өткізілген ашық жұмыстар

Музыка жетекшісі Қ.Сәрсенова

2025-2026жыл оқу жылы

«Музыканың сиқырлы әлемі»

Музыка іс-әрекеті

Қ.Сәрсенова

***«Дарын» тобы
2025-2026 оқу жылы***

Музыка іс- әрекеті.

Тақырыбы: «Музыканың сиқырлы әлемі»

Мақсаты: Балалардың музыкалық қабілеттерін дамыту, ырғақты сезінуге және ән айтуға үйрету.

Әннің мазмұнын түсініп қимыл жасауға дағдыландыру.

Көрнекілігі: Үн таспа, баян, домбыра аспаптары, бүктемелер, ұрмалы, үрмелі аспаптар.

Барысы: Сәлемдесу жаттығуы

Әннің мазмұнына сай қимыл-қозғалыс жасайды.

Балаларды шеңберге тұрғызу.

Ән айту: «Бала, бала, балақан»

Балалар көңілді ән тыңдап, бірге ән айтты

Музыка ырғағымен қимыл-қозғалыс жасады.

Музыкалық ойындар ойнады.

«Музыкамен ойнаймыз, бірге қимылдаймыз» ойыны

-Балалар, дыбыстардың екі түрі болады: **музыкалық дыбыстар және шулы дыбыстар**

Музыкалық дыбыстарға музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен орындалған әуен жатады.

Шулы дыбыстарға: желдің, жаңбырдың, машинаның, жануарлар мен құстардың дыбыстары жатады.

Шулы және музыкалық дыбыстарды тыңдату.

Музыкалық-ырғақты қимыл : «Топ- топ балапан»

Балалар музыка жетекшісінің көмегімен, әуенге сай қимылдарды қайталайды.

«Біз өмірдің гүліміз» ұрмалы оркестр

Мақсаты: балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру, ырғақты сезіну, қимыл-қозғалысты дамыту.

Музыкаға ілесіп сылдырмақты қағады.

«Көңіл күй жақсы болса ұр шапалақ» әуенді- ырғақты кимыл би

Әннің мазмұнына сай кимыл- қозғалыс жасайды.

Қорытынды: Балаларды мадақтау

«Музыканың сиқырлы әлемі»
Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет
Музыка жетекшісі : Қ.Сәрсенова



№8 «Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы

«Бақытты ата-ана бақытты бала»

Ата-анамен жұмыс
Музыка жетекшісі: Қ.Сәрсенова

2026-2027 оқу жылы

Балалар
Шығарылымы: «Бақытты ата-ана, бақытты бала»

Мақсаты: Адамның мінез-құлқын қалыптастыру, отбасылық құндылықтарды насихаттау, балаларға саналы тәрбие беру.

Барысы: Сәлеметсіздер ме, ата-аналар! Бүгінгі «Бақытты ата-ана, бақытты бала» жұмысымызға қош келдіңіздер. Сіздерді қызықты тренинг-ойындар ойнауға шақырамын.

1. «Тәтті шоколад» тренингі. Ортаға ата-аналар шығып ұсынылған тәтті шоколадтарды алады.

Сұрақ: Шоколадты ашпай тұрып не ойладыңыз?

Ашқаннан кейін не ойладыңыз? Бұдан шығатын қорытынды: өмірде бәрі біз ойлағандай бола бермейді, жылтырағанның бәрі алтын емес. Сондықтан өмірде барынша қарапайым болып, адамдармен жақсы қарым-қатынаста болып, бар нәрсеге сабырмен қарап, дайын болу керек.

2. «Әріпті сұрақ-жауап» тренингі

С Қ А Б

1. Балаңыздың қандай болғанын қалайсыз?
2. Балаңыз қандай асты сүйіп жейді?
3. Балаңыздың достарын атаныз?
4. Балаңыз қандай түсті ұнатады?
5. Балаңыздың жиі айтатын сөзі?
6. Балаңыз ашуланғанда қандай сөз айтады?
7. Балаңыз спорттың қай түрін жақсы көреді?
8. Балаңызды не деп еркелетесіз?
9. Ана бақыты дегеніміз не?
10. Әке бақыты дегеніміз не?
11. Балаңыз сізге қырсық мінез көрсетсе не дейсіз?
12. Балаңыз сізге сөз қайтарса не дейсіз?

3. «Ашулы шарлар» тренингі

Максаты: Ішіміздегі бар өкпе- ренішті шарды үрлеу арқылы шығару.

Шарды бір-бірлеп алып үрлейді, ішіне ашуларын жібереді. Үрленген шарды (ашуды) жәймен шығарып үйрену.

Қорытынды: Баланың аты бала, оған ашулануға болмайды. Баланы бірден ұрсып, ұру дұрыс емес. Баланыз одан жасқаншақ, ашуланшақ болып өседі. Бала сізден қорқып, алыстап кетеді. Сырттан зорлық көрсе дұрыс деп айтпайтын болады.

4. «Өзіме көршіме»

Қолдарына сауал жазылған қағазды алып бір-біріне беру.

1. Жас аналарға қандай кеңес бересіз?
2. Сіздерге ән орындап берсем тыңдайсыздар ма?
3. Баланыздың болашақ кім боғанын қалайсыз?
4. Балабақшаның келешекте қандай болғаны дұрыс?

5. «Сіз ғажапсыз»

Өз есімдерін таныстыру

1. Есіміңіз нені білдіреді?
2. Сіздің есіміңізді кім қойды?
3. Есіміңізді басқа атқа ауыстырғыңыз келе ме?
4. Есіміңіз сіздің өміріңізге әсер етті ме?

Қорытындылау:

-Ата аналар, бүгінді жұмыстан қандай ой түйдіңіздер?

Ата –аналар пікірі

Ата- аналарды марапаттау

«Бақытты ата-ана – бақытты бала»

Ата-анамен жұмыс

Музыка жетекшісі : Қ.Сәрсенова



- № 8 «Қызғалдақ» бөбекжай- бақшасы

***Тақырыбы: «Айтыс өнері»
Жыр- терме үйірмесі***

***Музыка жетекшісі: Қ.Сәрсенова
«Жас ұлан»тобы***

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: Айтыс –өнері

Максаты: балаларды айтыс өнерімен таныстыру арқылы, шешендік сөзге, суырып салмалыққа үйрету. Айтыс жаттату арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.

Айтыс – ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы.

Айтыс – қазақ ауыз әдебиетінің суырып салмалық өнерге негізделген жанры.

Айтыстың негізгі түрлері мен ерекшеліктері:

«**Қыз бен жігіт айтысы**» Ең көне түрлерінің бірі, қыз бен жігіттің тапқырлығын, сөз байлығын көрсетеді.

«**Ақындар айтысы**» екі ақынның (мысалы, Біржан мен Сара) өнер, білім әлеуметтік мәселелер бойынша бетпе-бет келіп, сөз қағысуы.

«**Бәдік айтысы**» Ертеде ауру-сырқауды, пәле-жаладан арылу үшін орындалатын ырымдық айтыс.

«**Жұмбақ айтысы**» Ақындардың бірі жұмбақ жасырып, екіншісі шешу арқылы парасат бәсекесіне түсуі.

«**Жануар мен адамның айтысы**» Адамның жан-жануарлармен (ат, түйе т.б.) тілдесуі арқылы халықтың өмір салтын көрсетуі.

Енді балаларды айтысуға ортаға шақырамыз.

Ұл мен қыздың айтысы

Ұлдар:

Ортаға сап өнерді
Тарту етіп өленді
Ақын қыздар қайдасың
Айтысайық, кел, енді

Қыздар:

Әр сөзінде талғам бар
Баба жолын жалғандар
Шақырып ап айтысқа

Өлең таппай қалмаңдар

Ұлдар:

Жырдың керуен көші бар
Көшке бізбіз қосылар
Өлең сөзге келгенде
Ақын қалай тосылар.

Қыздар:

Домбырасын қолға алар
Шабыттанып толғанар
Жырыңды ел жаттаса
Нағыз ақын сол болар

Ұлдар:

Талаптанып келеміз
Жеңілеміз неге біз
Әсет пенен Біржандай
Жырдан маржан тереміз.

Қыздар:

Біз даланың гүліміз
Бұлбұл құстың үніміз
Сара менен Ұлбике
Айтылатын жырымыз.

Ұлдар мен қыздар:

Шабыттанып самғаймыз
Елге жырды арнаймыз
Сүйінбай мен Жамбылдың
Ұлы өнерін жалғаймыз.

*«Айтыс өнері»
Жыр-терме үйірмесі
Мектепалды «Жасұлан» тобы
Музыка жетекшісі: К.Сәрсенова*

